

№7 Хромтау мектеп-гимназиясы (жанындағы мектеп-интернатымен) КММ

Педагогикалық кеңес отырысының ХАТТАМА №1

Өткізілу күні: 31 тамыз 2023 ж.

Уақыты: 10:00

Қатысушылар: мектеп ұжымы

Кеңес төрағасы: Э.К.Культаева

Хатшы: Қалиева А.Х.

Күн тәртібінде:

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. 2022-2023 оқу жылының қорытындысын талдау, жаңа оқу жылына қойылатын мақсат-міндеттермен таныстыру.
2. 2023-2024 оқу жылын ұйымдастырудағы нормативтік – құқықтық актілері
3. 2023-2024 оқу жылының жұмыс оқу жоспарларын бекіту (жалпы және мектепалды даярлық, үйден оқыту, ерекше білімді қажет ететін білім алушыларға арналған жұмыс жоспарлары)
 - 3.1 2023-2024 оқу жылындағы мектептің жылдық жұмыс жоспары бекітілді
 - 3.2 Мектептегі құқықтық тәрбие және құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңес жұмысын ұйымдастыру туралы
 - 3.3 Мектеп үйірмелер мен спорттық секцияларын жетекшілерін тағайындау
 - 3.4 Педагогикалық жүктемені бөлу (мектеп үйірмелері, секциялары), жоспарларын бекіту
4. Педагог қызметкерлердің педагогикалық жүктемесі мен жұмыс кестесін таныстыру, күнтізбелік жоспарды бекіту
5. Мектепке 1,10 сынып білім алушыларын қабылдау, ауыстыру және сабақ режимін, оқу жүктемесін бекіту
6. Инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың үлгерімдері мен психология-педагогикалық ерекшеліктері туралы мәліметтер негізінде білім алушылардың жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие және түзету жұмыстарын ұйымдастыру
7. Педагогтарды аттестаттау жұмыстарын үйлестіру, біліктілік курстардан өту тізімін бекіту.
8. Кәсіби қызметке алғаш келген педагогке бір оқу жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгерді анықтау
9. Қосымша міндеттер жүктеу туралы бұйрықпен таныстыру.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: 2022-2023 оқу жылындағы оқу тәрбие үрдісінің қорытынды педагогикалық талдауы туралы сұрақпен мектеп директоры Культаева Э.К сөз сөйледі. 2023-2024 оқу жылының оқу тәрбие процесін жоспарлауда диагностика нәтижесінде айқындалған проблемалармен қиындықтарды есепке ала отырып, жаңа міндеттерді қабылдау керектігін атап өтті.

2-мәселе бойынша: 2023-2024 оқу жылын ұйымдастырудағы нормативтік – құқықтық актілері бойынша мектеп директоры Культаева Э.К сөз сөйледі.

2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық топтарында, 1-10 сыныптарда білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдары басшылыққа алынып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- ✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (*ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен*)
- ✓ «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (*ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 ж. 09.09. №394 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен*)
- ✓ «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты;

3-мәселе бойынша: 2023-2024 оқу жылының жұмыс оқу жоспарларын бекіту (жалпы және мектепалды даярлық, үйден оқыту, ерекше білімді қажет ететін білім алушыларға арналған жұмыс жоспарлары) бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Абдуллина А.Б сөз сөйледі.

2023-2024 оқу жылында «№7 Хромтау мектеп-гимназиясы (жанындағы мектеп интернатымен)» КММ білім мен тәрбие беру үдерісін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құжаттарды негізге ала отырып, оқу жұмыс жоспары жасалды.

Мектептің оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының (Қазақстан Республикасы Оқу

ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен, 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 4ә қазақ класы үшін 6-қосымша, 3-орыс класы үшін 7-қосымша, 1а, 1ә, 1б, 2а, 2ә, 2б, 3а, 3ә, 3б, 4а қазақ гимназия кластары үшін 9-қосымша, 4-орыс гимназия класы үшін 10 – қосымша, 6а, 7а, 7ә, 8ә, 9ә қазақ кластары үшін 13-қосымша, 5а, 5ә, 6ә, 8а, 9а қазақ гимназия кластары үшін 19-қосымша, 10, 11а, 11ә кластары үшін 17-қосымша бойынша оқу жүктемесі педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жасалды.

Мектептегі құқықтық тәрбие және құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңес жұмысын ұйымдастырылатындығы туралы баяндалып өтті. Кеңес жұмысын жүргізу директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бозғұлан Н.С. тапсырылды.

Мектеп үйірмелер мен спорттық секцияларын жетекшілері тағайындалды.

Үйірмелер: «Өлкетану»- Г.Н.Жакуда

«Есеітеулер техникасы» - А.Б.Абдуллина

«Экология» - Қ.И.Маханбетов

«Волейбол» - Б.Т.Сатмағанбетова

«Волейбол» - Н.С.Бозғұлан

«Шахмат» - А.Е.Курманов

«Асықату» - Е.Б.Қарымсақ

«Баскетбол» - А.С.Марал

«Тарих құпиялары» Р.Б.Биржанов

4-мәселе бойынша: Педагог қызметкерлердің педагогикалық жүктемесі мен жұмыс кестесін таныстыру, күнтізбелік жоспарды бекіту бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Абдуллина А.Б сөз сөйледі.

Мектептің оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының (Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен, 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген негізінде шешім қабылданып жасалды.

5-мәселе бойынша: Мектепке 1,10 сынып білім алушыларын қабылдау, ауыстыру және сабақ режимін, оқу жүктемесін бекіту бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Абдуллина А.Б сөз сөйледі.

2023-2024 оқу жылын 1-11 сынып аралығында 620 оқушымен бастағалы отырмыз.

1 сыныпқа 71 оқушы қабылданған болатын. 2023-2024 оқу жылында 1 сыныптардың жетекшілері болып Мергенбаевна З.Т. және Тлесова А. болып

бекітілді. 10 сыныпқа 31 оқушы қабылданды. Сынып жетекшісі Тоқсамбаева Қ.А. болып тағайындалды.

6-мәселе бойынша:Инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың үлгерімдері мен психология-педагогикалық ерекшеліктері туралы мәліметтер негізінде білім алушылардың жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие және түзету жұмыстарын ұйымдастыру бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Махамбетов Қ.И сөз сөйледі.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға ПМПК қорытындысы негізінде оқу бағдарламаларын бейімдеу керектігін түсіндіріп өтті. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға тиімді психологиялық – педагогикалық қолдау көрсету қажет.

2023-2024 жылында ерекше білім беруді қажет ететін 8 оқушы бар.

Инклюзивтік және үйден оқытылатын балалардың жинақтау, мерзімдерін тіркеу, бұйрық жобасын дайындау жұмысын сынып жетекшілеріне тапсырылады.

7-мәселе бойынша:Педагогтарды аттестаттау жұмыстарын үйлестіру, біліктілік курстардан өту тізімін бекіту бойынша директордың ғылыми-әдістемелік жөніндегі орынбасары м.а. Жакуда Г.Н сөз сөйледі.

2023-2024 оқу жылында мектебімізбен қатар, ұстаздарымыздың білім, білік деңгейін көтеру мақсатында біліктілігін көтеретін бірсыпыра ұстаздарымыз бар.

1. Әлім А.Д.
2. Даулетова Л.Б.
3. Бағламбаева Г.М.
4. Курманов А.К.
5. Мусина А.Н.
6. Жекеева А.Ш.
7. Мамбеткулова А.К.
8. Байарыстанова А.С.
9. Бактыбаева Д.К.
10. Калмуратов Ж.С.
11. Диярова А.
12. Каймолдина М.Е
13. Қарымсақ Е.

8-мәселе бойынша:Кәсіби қызметке алғаш келген педагогке бір оқу жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгерді анықтау бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Абдуллина А.Б сөз сөйледі.

№7 Хромтау мектеп гимназиясына 2023-2024 оқу жылында Марал Аружан дене шынықтыру пәні бойынша жұмысқа орналасты. Тәлімгері тарих пәні мұғалімі педагог-зерттеуші Р.А.Биржанов тағайындалды.

9-мәселе бойынша: Қосымша міндеттер жүктеу туралы бұйрықпен таныстыру бойынша мектеп директоры Культаева Э.К сөз сөйледі.

Мектеп директоры Культаева Э.К. қосымша міндеттерді таныстырып өтті.

Шешім:

1. Көрсетілген ұсыныстар мен қателіктер түзетіліп, қаралсын.
2. Жыл бойы нормативтік-құқықтық актілер қолданылсын.
3. Жаңа оқу жылындағы жүктемелер, үйірмелер боойынша жоспарлар бекітіліп, жұмысы жалғасын тапсын.
4. Педагог қызметкерлердің педагогикалық жүктемесі, күнтізбелік жоспарлары бекітілсін.
5. Инклюзивті арнайы білім алушылардың оқу-тәрбие және түзету жұмыстары ұйымдастырылсын.
6. Педагогтарды аттестаттау жұмыстарын үйлестіру, біліктілік курстардан өту жолға қойылсын.
7. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №160 бұйрығына сәйкес тәлімгер анықталсын.

№7 Хромтау мектеп-гимназия

директоры

Э.К.Культаева

Хатшы:

А.Х.Қалиева